

Атырау облыстық сотының төрағасы  
М.А.Пәрменовке

Талап қоюшы Нұршаханова Айгүл Амангалиевнадан  
Мекен жайы: Атырау қаласы,

## АЛҒЫС ХАТ

Құрметті, Мұхтар Абайұлы!

Осы хатпен Сіздің назарыңызға мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы Г.Д.Тұрғанованың атқарып отырған әділ сот мәртебесіне баға беріп Алғысымды білдіргім келеді.

Мен тоғыз баланың анасымын, «Алтын алқа» атағым бар, қазіргі кезде екі үлкен балам кәмелетке толған - бірі студент, бірі тұрмыста.

Отбасымда жалғыз асыраушы жолдасым бар.

2015 жылы көп балалы ана ретінде, тұрғын үйдің кезегіне тұрып, реттік санмен 78 болып, енді міне үйлі боламын деп отырғанда, тізімнен шығарылып, «төбемнен су құйғандай» алаңдататын хабар болды.

Мемлекеттік орган тарапынан тізімнен шығару себебі, атыңды тіркеулі болған пәтер болды деп, 2023 жылы 30 қарашада тізімнен шығарды.

Мемлекеттік органның бұл әрекетін заңсыз деп есептеп, Әділсотқа жүгініп, жан айқайымды, яғни атымда тіркеліп тұрған пәтер әке шешемнен қалған, оған қоса, үй апатты жағдайда тұр, бір бөлмелі, сегіз баламен сыймаймыз, оны ешкім қарап тексермегенін, ол үйде тұру мүмкін емесін, әкімнің қабылдауында бірнеше болғанын жеткіздім.

Тұрғын үй инспекциясының тарапынан қабылданған бұл шешім маған ауыртпалық түсіргенін, менім құқықтарым мен бостандықтарымды, заңды мүдделерім бұзылып, осы ретте сотқа дау айтып, судья Г.Д.Тұрғанова төрелік етіп, бұзылған құқығымды қалпына келтіргенін Сіздің назарыңызға беремін.

Өзінің ісінің білікті маманы, жас болса да көзі қырағы, сөзі, өткір судья лауазымына лайықты, ең басты дауды Әділ қарағаны үшін осы судьяға ризашылығымды білдіремін.

Әрбір өркениеттің өріне қадам бастаған мемлекеттің ең басты тірегі, ол биліктің бір ұшын ұстаған – Сот жүйесі. Сондықтан судья Г.Д.Тұрғанова секілді судьяларыңыздық қатары көп болсын. Абройлы қызметіңіз әрқашан биік болсын!

Осы мәртебелі судьялық міндетіңіздің биік бейнесін әрқашан жоғары ұстап, іскерлік қабілеттеріңіздің шеберлігін көрсете білгейсіңіз, жүйенің қалыптасуына, жаңғыруына оң ықпал тигізе беріңіз! 5-71572

Атырау облыстық сотының төрағалық басшысы ретінде Алғысымды  
тыс қалдырмай, Судья Г.Д.Тұрғановаға ұжым арасында Аманатымды  
жеткізерсіз деген үміттемін.

Алғыс білдіруші А.М.Нұршаханова  
09.02.2024 жыл.

A handwritten signature in blue ink, consisting of a large, stylized initial 'A' followed by a smaller 'M' and a horizontal line.